

"Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" Шу аудандық мәслихатының 2006 жылғы 24 мамырдағы № 23-4 Шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 қыркүйектегі N 26 -13 Шешімі. Жамбыл облысы Шу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 қазанда 99 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 13-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 28.03.2013 № 13-3 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабының 6 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы» Шу аудандық мәслихатының 2006 жылғы 24 мамырдағы № 23-4 Шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6-11-34 болып тіркелген, 2006 жылғы 24 маусымдағы № 51 «Шу өңірі» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Шу ауданы бойынша қызметін дүркін-дүркін сипатта жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар үшін біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес және базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қолданатын біржолғы талондардың құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.»;
аталған шешімнің 1, 2 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Мәсли Шу аудандық мәслихаттың
2010 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 26-13 Шешіміне 1-Қосымша

**Шу ауданы бойынша қызметін дүркін-дүркін сипатта жүзеге асыратын
Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар
үшін біржолғы талондардың құны**

№	Қызметтің түрлері	Біржолғы талондардың құны (теңге)
1.	Сату (станционарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
1)	газеттер мен журналдар	20
2)	өсімдік тұқымдар, көшеттер	30
3)	саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	50
4)	бал	60
5)	балық	120
2.	Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке тракторлармен қызмет көрсету	200
3.	Үй жануарлары мен құстарды бағу.	
1)	қала бойынша сиыр бағу	65
2)	ауыл бойынша сиыр бағу	25

Шу аудандық мәслихаттың
2010 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 26-13 Шешіміне 2-Қосымша

Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қолданылатын біржолғы талондардың құны

№	Сату түрлері	Біржолғы талондардың құны (теңге)
1.	Халық тұтыну тауарлары:	
1)	заттар (киімдер, аяқ-киімдер)	
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150

2)	косметика және парфюмерия	70
3)	кеңсе және шаруашылық тауарлары	
	қолдан	30
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
4)	құрылыс материалдары	
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
5)	жиһаз	100
6)	балалар ойыншықтары	60
7)	қолданыста болған тауарлар	10
8)	қосалқы бөлшектер	
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
9)	кілем, паластар	100
10)	темекі өнімдері	60
11)	насыбай,әк,пісте,сыпырғыш	50
12)	нан өнімдері	60
13)	азық-түлік тауарлары (макарон өнімдері,кәмпиттер пішіни)	
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
14)	кондитерлік өнімдер	60
15)	ұн, қант	
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
16)	салаттар	50
17)	талқан, тары	20
18)	саксаул	30
19)	арпа, бидай ұнтақтары	50
20)	кептірілген жемістер	100
21)	жеміс-жидектер	
	қолдан	40
	ашық сөреден	100
	жеңіл автокөліктен	100
	2 тонналық жүк таситын автокөліктен	150
	2 тоннадан аса таситын автокөліктен	200
	3,5 тоннадан аса таситын автокөліктен	300
22)	сүт тағамдары (сүт,қымыз,шұбат,боза)	40
23)	сары және сұйық май	60

24)	тірі мал (әр бастан):	
	ірі қара, жылқы	100
	қой, ешкі	50
	қозы	30
	құстар	20
25)	Қызметтер көрсету:	
	кілт жасау, пышак қайрау	30
	аяқ-киім жөндеушілер	30

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК